Білік тығыздағышының жұмыс беті айдау сұйықтығымен майланады, сондықтан тығыздағыш арқылы осы сұйықтықтың кейбір мөлшері ағуын күтуге болады. Сорғыны бастапқы іске қосу барысында және жаға тығыздағыш білігін орнату барысында ағу деңгейі қолайлысына дейін төмендеу алдында белгілі бір іске кірістіру кезеңі талап етіледі. Осы кезеңнің ұзақтылығы пайдалану талаптарына байланысты болады, яғни пайдаланудың әрбір өзгерісі жаңа іске кірістіру кезеңін білдіреді.

Пайдаланудың қалыпты жағдайларында ағатын сұйықтық буланып кетеді. Нәтижесінде ағулар болмайды.

керосин типтес сұйықтықтар буланбайды, сондықтан олардың ағуы көрнекті, алайда бұл білік тығыздағышының істен шығу белгісі емес.

10.7 Бақылау аппаратураларының реперлі көрсеткіштері

Атаулы параметрлердің бастапқы мәндерін есептеу ұсынылады:

- діріл деңгейі (SPM датчиктерінің көмегімен)

- мойынтірек температурасы (егер датчиктер орнатылған болса)
- кірістегі және шығыстағы қысым (манометрлер көмегімен).

Атаулы көрсеткіштерді ақаулы жұмыс жағдайында реперлік (анықтамалық) ретінде қолдануға болады.

10.8 Жарылысқа қорғалған сорғыларды пайдалануға енгізер алдындағы қосымша тексерулер

Ескертпе

1. Тапсырыстағы АTEX сыныптастырылуының электр қозғалтқышы және сорғының фирмалық тақташасында көрсетілген санаттарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

2. Сорғының резеңке бөлшектері тапсырысқа сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Фирмалық тақташаны қар.

Фирмалық тақташана қолданылатын кілтті стандартты сорғыны құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

3. Сорғы мен көмекші модульдердің айдау сұйықтығымен толтырылғандығын және олардан ауа шығарылғандығына көз жеткізіңіз.

4. Біліктің еркін айналатындығына көз жеткізіңіз. Жұмыс дөңгелегі мен сорғы корпусының арасында механикалық түйісулер болмауы керек.

5. Айналым бағытын тексеріңіз.

Сорғы корпусындағы нұсқар дұрыс айналым бағытын көрсетеді.

6. Қосарлы бүйірлік тығыздағышы бар сорғыдарды іске қосу барысындағы әрекеттің кезектілігін сақтаңыз (back-to-back емесе tandem).

Нақты сорғыны құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

7. Егер қосарлы тығыздағышы бар сорғы таңдалып алынған болса (back-to-back), тығыздағыш камераның герметикалылығын тексеріңіз.

8. Сорғыны іске қосар алдында және жұмыс уақытында сорғыда жылыстаулар немесе ақаулықтар жоқтығын тексеріңіз.

9. Келесі жағдайларда сорғыдан ауа шығаруды орындау керек:

- Сорғы біршама уақыт пайдаланылмайды.
- Сорғыда ауа/газ жиналып қалған.

Ескертпе

Егер сорғы және көмекші модуль сумен толтырылмаған болса, айналым бағытын тексеруге арналған сорғыны іске қоспаңыз – тіпті қысқа уақытқа да. Бұл ережені айналуды үстіндегі және қозғалмайтын бөлшектерінің түйісулерінен температура артуын болдырмау үшін, сонымен қатар «құрғақ» айналымнан білік тығыздағышын қорғау үшін, сақтау керек.




11. Пайдалану

Жиілікті түрлендіргіштерімен жабдықталмаған сорғылар баптауларын талап етпейді.


Пайдалану талаптары 15. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

NKE, NKGE сорғыларын пайдаланудың қосымша талаптары, сонымен қатар баптау бойынша нұсқаулар Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес Қосымшада келтірілген (жеткізілім жиынтығына кіреді).

Вакуум жағдайларында жарылысқа қорғалған сорғыларды пайдалану немесе сорып алудағы жұмыс.



TM04 4176 1209



TM04 4189 1009

28-сур. Сорғының деңгейінен жоғары орнатылған жуу сұйықтығының сиымдылығына жалғанған қосарлы бүйірлік тығыздағышы бар сорғылар

Егер вакуумда немесе сорып алудағы жұмыс 28-сур. қолданылатын тәсілдеріне арналған үздіксіз немесе кезңділігі болып табылатын болса, онда тығыздағыш камерасында жуу сұйықтығының деңгей бақылауға арналған сәйкес жабдығын қолданыңыз. Егер беру сиымдылығының жуу сұйықтығы төмен деңгейге жететін болса, сорғыны тоқтату керек.

12. Техникалық қызмет көрсету

2,2 кВт жоғары (екі полюсті) немесе 1,5 кВт жоғары кіріктірілген жиілікті түрлендіргішті сорғыларының (NBE, NBGE) техникалық қызмет көрсету туралы қосымша ақпарат Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес Қосымшада келтірілген (жеткізілім жиынтығына кіреді).

Ескертпе

Жұмысты бастар алдында электр желісінің ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.

Электр қорегінің кездейсоқ қосылу мүмкіндігін болдырмау қажет.



12.1 Сорғы

Сорғы техникалық қызмет етулерді талап етпейді.

12.1.1 Біліктің механикалық тығыздағышы

Біліктің механикалық тығыздағышы техникалық қызмет етулерді талап етпейді және жылыстаусыз жұмыс істейді. Егер тұрақты арттырылатын ағу туындайтын болса, біліктің механикалық тығыздағышын тез арада тексеру керек.

Егер сырғанау беттерінде ақаулар бар болатын болса, механикалық тығыздауларды тұтас алмастыру керек.

Біліктің механикалық тығыздағышы өте ұқыпты қарауды талап етеді.

12.1.2 Сальникті тығын

Сальникті қысқышты тығынын сұйықтықтың бір бөлігі білік пен тығыздағышты майлауы керек болғандықтан, іске қосу уақытында қатты тартылмауы керек.

Сальникті қорап пен қысқыш тығын сорғы буындарына жеткен уақытта сальниктік толтыру жұмысын аяқталған деп есептеуге болады. Жылыстауды реттеу қысумен жүзеге асырылады. Майлауды үнемі қамтамасыз етіп отыру үшін, сальник немесе білік гильзасының зақымдануын болдырмауға мүмкіндік беретін сальниктен үнемі бірнеше тамшы ағып тұруы керек.


Минутына ұсынылатын мөндері 20-дан 40-қа дейінгі тамшылары.

Егер сальниктегі ағулар тым көп болатын болса, ал қысқыш тығынды ары қарай тарту мүмкін болмаса, сальникті ауыстыру керек. Бөлшектенгеннен кейін, білік гильзасын, камера мен сальникті жуыңыз, оларда зақымдану іздерінің жоқтығын тексеріңіз. Нақты ақпаратты Grundfos-тан алуға болады.

12.2 Кронштейндегі мойынтіректі майлау

12.2.1 Консистенттік майлауы бар мойынтіректер

Тұрақты консистенттік майлауы бар мойынтірегі бар сорғы



TM04 4771 2009


29-сур. Тұрақты консистенттік майлауы бар жабық мойынтіректі мойынтірек кронштейні

Егер мойынтірек кронштейні майсауыттармен немесе майдың тұрақты деңгейінің жүйесімен жабдықталмаған болса, мойынтіректер тұрақты консистенттік майы бар кішкене шарлы мойынтіректер болып табылады. Кішкене шарлы мойынтіректер барлық ресурс кезінде техникалық қызмет етулерді талап етпейді. Пайдаланудың тиімді жағдайларында мойынтіректер ресурсы шамамен 17 500 жұмыс сағатын құрайды. Осы мерзім ету барысында мойынтіректі алмастыру керек.

Жарты жылда бір рет тұтас істік көмегімен мойынтіректерін тексеріңіз. Мойынтірек кронштейнінің атаулы типі үшін SPM көмегімен біріл деңгейін өлшеу қарастырылмаған.

Нұсқау

Консистенттік майлауға арналған автоматты майсауыты бар сорғы



TM04 4328 1409

30-сур. Консистенттік майлауға арналған автоматты майсауыттарымен майланытын ашық роликті және радиальді-тіректік мойынтіректі кронштейндер (майлау патрондарымен).

Егер сорғы автоматты майсауыттарымен жабдықталған болса, мойынтіректердегі консистенттік майлау үнемі жаңарып тұрады.

Пайдаланудың тиімді жағдайларында мойынтіректер ресурсы 100 000 жұмыс сағатын құрайды. Осы мерзім өткен кезде, мойынтіректерді айырбастау керек. **15.1 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар** тарауын қар.

Жаңа мойынтіректер Grundfos техникалық талаптарына сәйкес маймен толтырылуы керек.

Мойынтіректер күйін тексеру үшін, мойынтірек кронштейніне SPM датчигін қолдана отырып, біріл деңгейін жүйелі түрде өлшеген жөн. 9.9.1 Біріл деңгейі тарауын қар.

Нұсқау

Консистенттік майлауға арналған автоматты майсауыт.

Сайсауытты 12 айда бір рет ауыстыру керек.

Автоматты майсауыты ауыстыруды орындау барысында ескі немесе артық майды жою үшін жұмыс барысындағы бір сағаттағы кронштейн түбіндегі ағызу саңылауын ашыңыз.

Grundfos LAGD 125/HP2 типіндегі SKF SYSTEM 24 майсауыты ұсынылады.

Негізгі сипаттама

Коды	K2N-40
NLGI бойынша консистенция деңгейі	2-3
Қоюлатқыш	Полимочевина (di-urea)
Базалық май	Минералды
Жұмыс температурасы	от -40 до 150 °C
Тамшы түсу температурасы	240 °C
Тығыздық	при 20 °C: 0,85 – 0,95 г/см³

Базалық май тұтқырлығы

40 °C	96 мм²/с
100 °C	10,5 мм²/с

Саны


Өнім нөмірі

2 x LAGD	125/HP2 96887371
----------	------------------

Әр түрлі қоюлатқыштары бар консистенттік майлауын ешқашан араластырмаңыз, мысалы майды жеткізушімен кеңеспей, натрий майлауы бар құйма негіздегі май. Минералды майды синтетикалықпен ешқашан араластырмаңыз. Кейбір майлау материалдары үйлесімді, алайда екі майлау материалдарының үйлесімділігін бағалау барынша күрделі. Мойынтіректегі майды айырбастау барысында үнемі басында қолданылған типтегі майдың өзін қолданыңыз.

Назар аударыңыз

12.2.2 Майлы майлауы бар мойынтіректер



TM04 4329 1409

31-сур. Роликті және майлы майлауы бар қосарлы радиальді-тіректік мойынтіректі кронштейн

Пайдаланудың тиімді жағдайларында роликті және қосарлы радиальді-тіректік мойынтіректерінің ресурсы 100 000 жұмыс сағатын құрайды. Осы мерзім өткен кезде, мойынтіректерді айырбастау керек.

Мойынтіректер күйін тексеру үшін, мойынтірек кронштейніне SPM датчигін қолдана отырып, біріл деңгейін жүйелі түрде өлшеген жөн. 9.9.1 Біріл деңгейі тарауын қар.

Нұсқау

Мойынтіректер минералды маймен майланады.

Майды айырбастау кезеңділігі мен талап етілген май көлемі төменде керсетілген.

Мойынтірек температурасы	Майдың бастапқы ауыстырылуы	Майдың кезекті айырбасталуы
70 °C-ге дейін		Әрбір 4400 сағат
70 °C-ден 90 °C-ге дейін	400 сағаттан кейін	Әрбір 2200 сағат

Мойынтірек типі	Жалғастырғыш білік диаметрі [мм]	Майдың жуық мөлшері [мл]
Роликті және радиальді-тіректік мойынтіректер	42	850
	48	1700
	60	1350

Майды айырбастау

Кезең	Әрекет
1	Қолданылған майды жинауға арналған ыңғайлы сиймдылықты мойынтірек кронштейнінің астына орналастырыңыз.
2	Желдеткіш саңылауының тығынын/қю саңылауының және ағызу саңылауының тығыны бұрап босатыңыз.
3	Мойынтірек кронштейнін босатқаннан кейін, ағызу саңылауының орнына орнатыңыз және жаңа майын құйыңыз. 8.8.2 тарауын қар.

Нұсқау

Жұмыс уақытында үш айда бір рет майдың деңгейін тексеріңіз, қажеттілігіне қарай майды үстеп құйыңыз. Майдың деңгейі үнемі қарау терезесінен көрініп тұруы керек.

Shell Omala 68 негізгі сипаттамалары

Тұтқырлық маркасы	68
AGMA EP трансмиссиялық майдың маркасы	68
Ескі марка AGMA	2 EP
Тұтқырлығы:	
40 C барысында	68 мм ² /с
100 C барысында	8,8 мм ² /с
Тұтану нүктесі, СОС, °C	207
Ағымдылықты жоғалту нүктесі, °C	-26

12.3 Жабдық мониторингі

Келесі параметрлері апта сайын шешіп алу ұсынылады:

- діріл деңгейі (SPM датчиктерінің көмегімен)
- мойынтірек датчиктері (егер датчик орнатылған болса)
- кірудегі және шығудағы қысым (манометрлер көмегімен)

Немесе қызмет көрсетуінің бекітілген жоспарын сақтау.

12.4 Электр қозғалтқышы

Электр қозғалтқышын жылына бір рет тексеріп отыру керек.

Лайықты желдетуді қамтамасыз ету үшін, электр қозғалтқышы таза болуы керек. Сорғыны тозаңды үй-жайда орнату барысында оны үнемі тазалап және тексеріп отыру керек.

12.4.1 Майлау

Электр қозғалтқыштарының мойынтіректері

132 дейінгі типтік өлшемдердегі электр қозғалтқыштары барлық қызметтік мерзіміне консистенттік майлаумен толтырылған және техникалық қызмет көрсетуді талап етпейтін мойынтіректі жинақталған мойынтіректік тораптармен қоса отырып жеткізіледі.

132 артық типтік өлшемдердегі мойынтіректер қозғалтқыштың зуаттық тақтасында көрсетілген нұсқауларға сәйкес майлануы керек. Электр қозғалтқышынан майдың ағуы мүмкін. Консистенциялық майлауға техникалық талаптар:

12.4.2 Мойынтіректерді майлау бөлімін қар.

12.4.2 Мойынтіректерді майлау

Келесі сипаттамалары бар құю консистенттік майлауы қолданылуы керек:

- NLGI бойынша 2 немесе 3 сыныбы.
- базалық май тұтқырлығы: +40 °C барысында 70-тен 150 дейін.
- температура диапазоны: үздіксіз жұмыс барысында -30 °C-ден +140 °C дейін.

12.5 Ластанған сорғылар

Егер сорғы қондырмасы денсаулыққа зиянды немесе улы сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолданылған болса, бұл қондырғы ластанған ретінде қаралады.

Бұл жағдайларда техникалық қызмет көрсетулерге әрбір тапсырыс беруде аударып қотару сұйықтығы туралы нақты ақпараттарды ертерек ұсыну керек.

Егер мұндай ақпараттар ұсынылмаған жағдайларында Grundfos фирмасы техникалық қызмет көрсетуден бас тарта алады.

Фирмаға қондырманы қайтарумен байланыстағы мүмкін болатын шығындарды жөнелтуші көтереді.

12.6 Техникалық қызмет көрсету/қарау

Төмендегі тексерулер міндетті

Нұсқау

Техникалық қызмет көрсетудің жергілікті графикалары атаулы тексерулерге қатысты басымдылығы болуы мүмкін.

1. Білік тығыздағышының және көмекші модульдерінің дұрыстығын күн сайын тексеру.
2. Әрбір апта сайын майлануы мен мойынтіректер шуылын тексеру. Егер мойынтіректерде тозу белгілері табылған болса, мойынтіректерін айырбастау керек.
3. Әрбір төрт апта сайын муфтаның резеңке бөліктерін тексеріңіз. Егер оларда тозу белгілері байқалған болса, оларды айырбастау керек.
4. Әрбір құрастырылған резервті сорғыны қабілеттілігін қамтамасыз етуін қолдау үшін, аптасына бер рет қосып отыру керек.
5. Тегеурінді немесе жуу жүйесін көмекші модулі өндірушісінің ұсыныстарын сақтай отырып, жылына бір рет мұқиятты түрде жылына бір рет жуып отыру керек.

13. Істен шығару

- NKE, NKGE сорғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратылған» күйіне ауыстыру керек.

- NKE, NKGE сорғыларын ажырату үшін, сорғының алдыңғы панеліндегі сәйкес түймені басыңыз.

Нақты ақпарат алу үшін, сәйкес сорғыға Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа қосымшаны қараңыз.

Желілік ажыратқышқа дейін барлық электрлік желілер үнемі кернеу астында болады.

Сондықтан кездейсоқ немесе санкцияланбаған жабдық қосылымының алдын алу үшін, желілік ажыратқышты блоктау керек.

14. Төмен температуралардан қорғау

Егер сорғының тоқтауы ұзақ кезеңдерінде төмен температуралардың әсерінің қаупі бар болса, онда сорғыдан және автоматика блогынан сұйықтығын төгіп тастау керек.

Сорғыдан айдау сұйықтығын төгіп тастау үшін, бұрандалы тығынды ағыту керек. 25-сур. қар.

15. Техникалық сипаттамалар

Кіріктірілген жиілік түрлендіргіштерімен сорғыларының (NKE, NKGE) қосымша техникалық деректері Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша сәйкес нұсқаулықта келтірілген.

Электр жабдықтарының деректері

Электр қозғалтқыштарының зауыттық тақташасын қараңыз.

Дыбыстық қысым деңгейі

Сорғылардың дыбыстық қысымының деңгейі 2-қосымшада келтірілген. Деректер MG, MMG, Siemens және TECO электр қозғалтқышты сорғыларға қолданылады. Көрсетілген мәндері дыбыстық қысымының мейлінше жоғары деңгейі болып табылады.

Пайдалану талаптары


Кіріктірілген жиілікті түрлендіргішті сорғыларының (NBE, NBGE) пайдаланудың қосымша талаптары Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес Қосымшада келтірілген (жеткізілім жиынтығына кіреді).

Іске қосу/тоқтату

Типтік өлшем	М.ж. іске қосу саны/сағ		
	Полюстер саны		
	2	4	6
56-71	100	250	350
80-100	60	140	160
112-132	30	60	80
160-180	15	30	50
200-225	8	15	30
250-315	4	8	12
355	4	6	8

Қоршаған ортаның температурасы және теңіз деңгейінен биіктігі

Қоршаған ортаның температурасы және теңіз деңгейінен биіктігі олар мойынтіректер мен оқшаулау жүйесіне әсер ететіндіктен электр қозғалтқыштарының қызметтік мерзімін анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Егер қоршаған ортаның температурасы ұсынылған мейлінше жоғары температура немесе теңіз деңгейіндегі мейлінше жоғары температурадан артатын болса (32-сур.), қозғалтқыш төмен тығыздық салдарынан және осыған байланысты тиімсіз салқындатылумен байланысты толық тиелмеуі керек. Осындай жағдайда үлкен шығыс қуатымен электр қозғалтқышын қолдану керек (қайта ырғақты электр қозғалтқышы).



32-сур. Қоршаған ортаның температурасынан және теңіз деңгейінің биіктігінен байланысты қозғалтқыштың мейлінше жоғары қуаты

Шартты белгілер

Айқ.	Сипаты
1	0,25 – 0,55 кВт электр қозғалтқыштары MG
2	0,75 – 22 кВт электр қозғалтқыштары MG (IE2/IE3) 0,75 – 450 кВт электр қозғалтқыштары MMG-H (IE2)
3	0,75 – 462 кВт электр қозғалтқыштары Siemens (IE2)

Мысал: 1.1 кВт электр қозғалтқыштары бар сорғылар, IE2 MG: Егер сорғы теңіз деңгейінен 4750 м биіктікте орнатылса, жүктеме номиналды қуатынан 88 % артпауы керек. Қоршаған ортаның 75 °C температурасы барысында электр қозғалтқышына түсетін жүктері номиналды қуатынан 78 % артпауы тиіс. Егер қозғалтқыш қоршаған ортаның 75 °C температурасы барысындағы теңіз деңгейінен 4750 м биіктікте орнатылған болса, номиналды қуатынан 88 % x 78 % = 68,6 % артық жүктемемен электр қозғалтқышының жүктемесін пайдалануға болмайды.

Айдау сұйықтығы температурасының диапазоны

-25 °C-ден +140 °C-ге дейін


Аударып қотару сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы сорғының зауыттық тақташасында көрсетілген. Мүмкіндік температурасының диапазоны таңдалып алынған білік тығыздағышының типіне байланысты болады. EN-GJL-250 шойынынан жасалған корпус, сорғылар үшін, жергілікті нормалар мен ережелерге сайаударып қотару сұйықтығының температурасы +120 °C шектелуі мүмкін. Көтеріңкі температуралы сұйықтықты айдау барысында сорғының шойын бөлшектерінің зақымдануын болдырмау және білік тығыздағышын зақымдауы мүмкін болатын қаттылық тұзының шөгіндісінің құлауы үшін, стабилизациялық өңдеу жүргізілуі керек.

Жарылысқа қорғалған сорғыларда айдау сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы

Сұйықтықтың мейлінше жоғары температурасы сынып температурасы мен білік тығыздағышына байланысты.

Температуралық сынып	Бетінің мейлінше жоғары температурасы [°C]
T1	450
T2	300
T3	200
T4	135
T5	100
T6	85

Төменде сызбада білік тығыздағышының температурасының артуы мен айдау сұйықтығының мейлінше жоғары температурасынан қабатталатын сорғы бетінің мейлінше жоғары температурасы келтірілген.



33-сур. Бетінің мейлінше жоғары температурасының есебі

Сорғы бетінің мейлінше жоғары температурасы мейлінше жоғары температуралық сыныптан 5 °C төмен болмауы керек.

Айдау сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы мен температурасылық сыныбы сорғымен жеткізілетін ерекшелікте берілген.

Ерекшелік көшірмесі Grundfos-пен тіркеледі және сорғының фирмалық тақташасындағы өнім нөмірі мен сериялық көмірлерінің көмегімен сәйкестендіріле алады.

Model **A 96689648 P2 07 02 0001**

34-сур. Моделі, өнім нөмірі, өндіріс орны, аптасы және жылы, сериялық нөмірі


**Ескертпе**

Сорғыны ерекшелікте көрсетілген мәндерден асатын температурасы барысында пайдалануға болмайды. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды сақтамау сонымен қатар зақымның орнын толтыру бойынша кепілдік міндеттемелерін жоюға алып келеді.

Егер ерекшелік жоқ болатын болса, айдау сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы туралы ақпарат үшін, Grundfos өкілдігіне жүгініңіз.

Нұсқау

Егер сорғы ерекшелікте көрсетілгенге қарағанда, аса жоғары температуралы сұйықтықты пайдалануы керек болатын болса, Grundfos өкілдігіне жүгініңіз.

Ең жоғарғы жұмыс қысымы

35-сур. Сорғыдағы қысым

Сорғы кірісіндегі қысым сомасы мен нөлдік беріліс барысындағы сорғының қысымы сорғының корпусы есептелген мейлінше жоғары мүмкіндіктегі жұмыс қысымынан (p) үнемі төмен болуы тиіс. Жабық ысырмаға жұмыс баспаның мейлінше жоғары қысымын береді.

Кірудегі мейлінше төмен қысым

Сорып алудың мейлінше төмен қысымы барысында кавитация туындамауын қадағалау керек. Кавитация келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

- Сұйықтық температурасы жоғары.
- Шығыс сорғының номиналды шығысынан едәуір жоғары (жұмыс нүктесі сорғының сипаттамасының оң бөлігінде орналасқан).
- Сорғы аударып қотару сұйықтығының деңгейінен жоғары орнатылған.
- Сорып алудың қолайсыз жағдайлары (ұзын құбыр жетегі немесе бүгудің және басқа да жергілікті жарсыластықтардың көп санымен құбыржетегі).
- Төмен жұмыс қысымы.

Кірудегі мейлінше жоғары қысым

Сорғы кірісіндегі қысым сомасы мен нөлдік беріліс барысындағы сорғының қысымы сорғының корпусы есептелген мейлінше жоғары мүмкіндіктегі жұмыс қысымынан (p) үнемі төмен болуы тиіс. Жабық ысырмаға жұмыс баспаның мейлінше жоғары қысымын береді.

Мейлінше төмен шығын


Сорғы жабық тегеурінді клапан барысында сорғыда температура көтерілім, бу түзілетіндіктен, жұмыс істемеуі керек. Бұдан өзге жұмыс дөңгелегінің эрозиясына және мойынтірегінің, білік сальниктері мен механикалық тығыздағышының қызметтік мерзімінің қысқаруына алып келетін кернеу немесе білік әсерінен білік зақымдануы мүмкін.

Тұрақты шығын мейлінше жоғары шығыстан кем дегенде 10 % болуы керек. Берілістің номиналды мәні зауыттық тақташада көрсетілген.

Мейлінше жоғары шығыс

Мейлінше жоғары шығыс артпауы керек, өйтпегенде кавитация мен қайта жүктеме туындау қаупі туындауы мүмкін.

Мейлінше жоғары шығысты сорғыларын не жұмыс сипаттамаларын сынау хаттамаларын қолдана отырып, не сорғыны таңдау барысында Grundfos Product Center қысқ-сипаттамаларының көмегімен есептелуі керек, 36-сур. қар.



36-сур. Мейлінше төмен және мейлінше жоғары шығынды көрсетуімен берілген мысал

TM04 0062 4907


TM05 2444 5111

Білік тығыздағышы

Білікті механикалық тығыздағыш

Екі негізгі міндеттер үшін, тығыздағыштың жұмыс диапазоны: суды немесе салқындататын сұйықтықты аударып қотару. 0 °C және одан артық температура барысында жұмыс үшін тығыздау негізінен суды аударып қотару үшін сай келеді, сол уақытта 0 °C төмен температурадағы жұмыс үшін тығыздыққа салқындататын сұйықтық арналған.

Ескертпе: Тығыздағышты мейлінше жоғары температура мен қысым барысында пайдалануға ұсыныс жасалмайды, мұндай жағдайда қызметтік мерзімі қысқарады және мезгілдік шуыл туындауы мүмкін.



Білік тығыздағышының диаметрі, мм	NB, NK	28, 38	48	55	60
d5 [мм]	NK	24, 32	42	48	60

Тип	Тығыздау беті	Режеңке	Коды	Температура диапазоны	Ең төменгі қысым [бар]			
<p>Режеңке сальфонды тығыздағыш. В типі, теңгерімделмеген.</p>	AQ1	EPDM	BAQE	0 °C – ден +120 °C дейін	16	16	16	16
	AQ1	FKM	BAQV	0 °C – ден +90 °C дейін	16	16	16	16
	BQ1	EPDM	BBQE	0 °C – ден +120 °C дейін	16	16	16	16
	BQ1	FKM	BBQV	0 °C – ден +90 °C дейін	16	16	16	16
	Q1B	EPDM	BQBE	0 °C – ден +140 °C дейін	16	–	–	–
	Q1Q1	EPDM	BQQE	0 °C – ден +90 °C дейін	16	16	16	16
	Q1Q1	FKM	BQQV	0 °C – ден +90 °C дейін	16	16	16	16
<p>Режеңке сальфонды тығыздағыш. В типі, теңгерімделмей, кішірейтілген жұмыс беті.</p>	Q1Q1	EPDM	GQQE	-25 °C – ден +90 °C дейін	16	16*	16*	16*
	Q1Q1	FKM	GQQV	-20 °C – ден +90 °C дейін	16	16*	16*	16*
<p>Айналым сәтін берудің қатты жүйесімен теңгерімделмеген шығыршықты тығыздағыш. А типі, теңгерімделмеген.</p>	Q1A	EPDM	AQAE	0 °C – ден +120 °C дейін	25	25	25	25
	Q1A	FKM	AQAV	0 °C – ден +90 °C дейін	25	25	25	25
	Q1Q1	EPDM	AQQE	0 °C – ден +90 °C дейін	25	25	16	16
	Q1Q1	FKM	AQQV	0 °C – ден +90 °C дейін	25	25	16	16
	Q1Q1	HNBR	AQQX	0 °C – ден +90 °C дейін	25	25	16	16
	Q1Q1	FFKM	AQQK	0 °C – ден +90 °C дейін	16	16	16	16
<p>Атмосфера жағынан серіппемен теңгерімделген шығыршықты тығыздағыш. D типі.</p>	AQ6	FXM	DAQF	0 °C – ден +140 °C дейін	25	25	25	25
	Q6Q6	EPDM	DQQE	0 °C – ден +120 °C дейін	25	25	25	25
	Q6Q6	FKM	DQQV	0 °C – ден +90 °C дейін	25	25	25	25
	Q6Q6	HNBR	DQQX	0 °C – ден +120 °C дейін	25	25	25	25
	Q6Q6	FFKM	DQQK	0 °C – ден +120 °C дейін	25	25	25	25

* 60 °C артық емес

Сальникті қорап

	Коды	Температура диапазоны	М.ж. қысым [бар]
Салқындатқышсыз ішкі тығыздағыш сұйықтығы бар сальник	SNE		
Салқындатқышсыз ішкі тығыздағыш сұйықтығы жоқ сальник	SNO	-30 °C-ден +120 °C дейін	16
Салқындатқышсыз тығыздағыш сұйықтығын күштеп беруі бар сальник	SNF		

16. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескертпе

Клеммалық қорапты шешіп алу және сорғы бөлшектеу алдында қоректің ажыратылғандығына көз жеткізу керек және оның кездейсоқ қосылып кетпеуінің алдын алу үшін шаралар қабылдау керек.

Ақаулық	Себеп	Жою әдістері
1. Сорғылы агрегат сұйықтықты мүлде бермейді немесе оны жеткіліксіз көлемде береді.	a) Қорек қате қосылған (2 фаза).	Қорек қосылымын тексеру және жөндеу
	b) Айналымның қате бағыты.	Қоректеуші электр желісінің екі фазасының қосылымының орындарын айырбастау.
	c) Сорып алу желісінде ауаның болуы.	Сорғыны толтырып, одан бүкіл ауаны шығару қажет.
	d) Тым артық қарама-қарсы қысым.	Жұмыс нүктелерінің күйін төлқұжаттық деректеріне сәйкес реттеу. Жүйені ластанбауына тексеру.
	e) Сорып алудың тым төмен қысымы.	Сорып алу жағынан айдау сұйықтығының деңгейін арттыру. Сорып алу құбыр жетегіндегі ысырманы толық ашу. 8.5 Құбыр жетегі тарауында келтірілген пайдалану талаптарына сәйкес тексеру.
	f) Сорып алатын құбыр жетегі немесе жұмыс дөңгелегі ластанып бітелген.	Сорып алатын магистральді немесе сорғыны жуу.
	g) Сорғы ақауланған тығыздағыш арқылы ауаны сорып алады.	Құбыржетегінің тығыздағышын, сорғы төсемдерін және білік тығыздағышын тексеру, қажеттілігіне қарай айырбастау.
	h) Сорғы ауаны сұйықтықтың төмен деңгейі себебінен сорып алады.	Айдау сұйықтығының деңгейін сорып алу жағынан көтеру және қаншалықты мүмкін болғанына қарай оны тұрақты етіп қолдау.
2. Электр қозғалтқышының жүргізіші электр қозғалтқышының қайта жүктелімінің себебінен ажыратылды.	a) Сорғы ластанып бітелген.	Сорғыны жуу.
	b) Сорғының номналды жұмыс нүктесі арттырылған.	Жұмыс нүктелерінің күйін төлқұжаттық деректеріне сәйкес реттеу.
	c) Тапсырыста көрсетілген сол мәндермен салыстыру бойынша аударып қотару сұйықтығының көтеріңкі тығыздығы немесе тұтқырлығы.	Егер қуатты төмендету мүмкін болатын болса, тегеурінді құбыржетегінде берілісін төмендету. Немесе аса қуатты электр қозғалтқышын орнату.
	d) Қайта жүктеу кезіндегі электр қозғалтқышының іске қосуын қате реттеу.	Электр қозғалтқышының орнатылған іске қосқыш мәнін тексеру, қажеттілігіне қарай айырбастау.
	e) Электр қозғалтқышы екі фазада жұмыс істейді.	Қорек қосылымын тексеру. Егер қалқымалы сақтандырғын зақымданған болса, оын алмастыру.
3. Сорғы тым көп шуылмен жұмыс істейді. Сорғы дірілмен тегіс емес қозғалысымен жұмыс істейді.	a) Сорып алудың тым төмен қысымы (кавитацияның туындауы).	Сорып алу жағынан айдау сұйықтығының деңгейін арттыру. Сорып алу құбыр жетегіндегі ысырманы толық ашу. 8.5 Құбыр жетегі тарауында келтірілген пайдалану талаптарына сәйкес тексеру.
	b) Сорып алатын құбыр жетегі немесе сорғымен ауаны сорып алу.	Сорғыдан немесе сорып алатын құбыржетегінен ауаны жою.
	c) Тапсырыста көрсетілген мәннен төмен сорғыдағы қарама-қарсы.	Жұмыс нүктелерінің күйін төлқұжаттық деректеріне сәйкес реттеу.
	d) Сорғы ауаны сұйықтықтың төмен деңгейі себебінен сорып алады.	Айдау сұйықтығының деңгейін сорып алу жағынан көтеру және қаншалықты мүмкін болғанына қарай оын тұрақты етіп қолдау.
	e) Жұмыс дөңгелегінің үйлесімсіздігі (жұмыс дөңгелегінің қалағы ластанған).	Жұмыс дөңгелегін жуу және күйін тексеру.
	f) Сорғының ішкі компоненттерінің тозуы.	Ақаулы компоненттерін айырбастау
	g) Сорғыға құбыр жетегінен жүктеме беріледі (іске қосу барысында шуылды туындатады).	Сорғыны құбыр жетегі тарапынан жүктеме берілмейтіндей етіп орнату. Құбыр жетегін тіреулерге бекіту.
	h) Мойынтіректер ақаулығы.	Мойынтіректерді айырбастау
	i) Электр қозғалтқышының желдеткіші ақауланған.	Желдеткішін айырбастаңыз.
	j) Муфта ақаулығы	Муфтаны айырбастау. Муфтаны теңестіру. 8.4.2 Блокты орталыққа дәлдеу тарауын қар.
	k) Сорғыдағы өзге заттардың болуы.	Сорғыны жуу.
	l) Жиілік түрлендіргішімен пайдалану	9.2 Жиілікті түрлендіргішімен пайдалану тарауын қар.

Ақаулық	Себеп	Жою әдістері
4. Сорғыда, жалғанымдарда, біліктің механикалық тығыздағышында немесе сальниктегі жылыстау.	a) Сорғыға құбыр жетегінің жүктемесі беріледі, бұл сорғы немесе қосылым корпусының ағуларына алып келеді.	Сорғыны құбыр жетегі тарапынан жүктеме берілмейтіндей етіп орнату. Құбыр жетегін тіреулерге бекіту.
	b) Сорғы немесе қосылым корпусының төсемдерінің ақаулануы.	Сорғы корпусы немесе жалғанымдар төсемдерін айырбастау.
	c) Білікті механикалық тығыздағыштың ластануы немесе қажалуы	Біліктің механикалық тығыздағышына қарау және тазарту жүргізу.
	d) Білікті механикалық тығыздағыштың ақауы.	Біліктің бүйірлік тығыздағышын ауыстыру.
	e) Сальниктің істен шығуы	Сальникті тарту. Сальникті жөндеу немесе ауыстыру.
	f) Білік беті немесе білік тығыздағышындағы ақау	Білікті немесе білік тығынын айырбастау. Сальникті толтырманы айырбастау.
5. Сорғының немесе электр қозғалтқышының тым жоғары температурасы.	a) Сорып алатын құбыр жетегі немесе сорғымен ауаны сорып алу.	Сорып алатын құбыр жетегінен немесе сорғыдан ауаны жою және айдау сұйықтығын үстеп құю.
	b) Сорып алудың тым төмен қысымы.	Сорғыны құбыр жетегі тарапынан жүктеме берілмейтіндей етіп орнату. Құбыр жетегін тіреулерге бекіту. <i>8.5 Құбыр жетегі</i> тарауында келтірілген пайдалану талаптарына сәйкес тексеру.
	c) Мойынтіректерде майлаудың жетімсіздігі немесе жеткіліксіз көлемі немесе майлаудың сай келмейтін типі таңдалып алынған.	Майды қосу, артығын алу немесе алмастыру.
	d) Сорғыда және мойынтіректі буындарда құбыр жетегі жағынан берілетін ішкі кернеу туындады.	Сорғыны құбыр жетегі тарапынан жүктеме берілмейтіндей етіп орнату. Құбыр жетегін тіреулерге бекіту. Муфтаның остілігін тексеру. <i>8.4.2 Блокты орталыққа дәлдеу</i> тарауын қар.
	e) Тым жоғары өзектік қысым	Сорып алу желісі жағынан жұмыс дәңгелегі мен стопорлы шығыршықтың түсіру саңылауын тексеру.
	f) Электр қозғалтқышының жүргізгіші ақаулы немесе қате реттелген.	Электр қозғалтқышының орнатылған іске қосқыш мәнін тексеру, қажеттілігіне қарай айырбастау.
	g) Электр қозғалтқышы шамадан тыс жүктелген.	Номиналды берілісін төмендету қажет.
6. Мойынтрек кронштейнінен май жылыстауы.	a) Мойынтірек кронштейніне тым көп май құйылған, мұның нәтижесінде май деңгейі біліктің төменгі нүктесінен жоғары болып тұр.	Майдың тұрақты деңгей жүйесі өзінің жұмысын бастағанша, яғни сұйыққоймада ауа көпіршіктері пайда болғанға дейін, майды баяу ағызып алу.
	b) Сальниктер ақаулы.	Сальникті алмастыру
7. Сұйыққоймадан майдың жылыстауы	a) Сұйыққоймадағы бұранда ақаулы	Сұйыққойманы алмастыру

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:


Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.

Усилия на фланцах и моменты



TM04 5621 3609

Рис. 37 Усилия на фланцах и моменты

Серый чугун	Диаметр DN	Усилие [Н]				Момент [Нм]				
		Fy	Fz	Fx	ΣF *	My	Mz	Mx	ΣM *	
Горизонтальный насос, ось Z, напорное отверстие	32	315	298	368	578	263	298	385	560	
	40	385	350	438	683	315	368	455	665	
	50	525	473	578	910	350	403	490	718	
	65	648	595	735	1155	385	420	525	770	
	80	788	718	875	1383	403	455	560	823	
	100	1050	945	1173	1838	438	508	613	910	
	125	1243	1120	1383	2170	525	665	735	1068	
	150	1575	1418	1750	2748	613	718	875	1278	
	200	2095	2600	2100	4055	805	928	1138	1680	
	250	2700	3340	2980	5220	1260	1460	1780	2620	
Горизонтальный насос, ось X, всасывающий патрубк	50	578	525	473	910	350	403	490	718	
	65	735	648	595	1155	385	420	525	770	
	80	875	788	718	1383	403	455	560	823	
	100	1173	1050	945	1838	438	508	613	910	
	125	1383	1243	1120	2170	525	665	735	1068	
	150	1750	1575	1418	2748	613	718	875	1278	
	200	2345	2100	1890	3658	805	928	1138	1680	
	250	2980	2700	3340	5220	1260	1460	1780	2620	
	300	3580	3220	4000	6260	1720	1980	2420	3560	
	350	4180	3760	4660	7300	2200	2540	3100	4560	
Нержавеющая сталь	Диаметр DN	Усилие [Н]				Момент [Нм]				
		Fy	Fz	Fx	ΣF *	My	Mz	Mx	ΣM *	
Горизонтальный насос, ось Z, напорное отверстие	32	630	595	735	1155	525	595	770	1120	
	40	770	700	875	1365	630	735	910	1330	
	50	1050	945	1155	1820	700	805	980	1435	
	65	1295	1190	1470	2310	770	840	1050	1540	
	80	1575	1435	1750	2765	805	910	1120	1645	
	100	2100	1890	2345	3675	875	1015	1225	1820	
	125	2485	2240	2765	4340	1050	1330	1470	2135	
	150	3150	2835	3500	5495	1225	1435	1750	2555	
	Горизонтальный насос, ось X, всасывающий патрубк	50	1155	1050	945	1820	700	805	980	1435
		65	1470	1295	1190	2310	770	840	1050	1540
80		1750	1575	1435	2765	805	910	1120	1645	
100		2345	2100	1890	3675	875	1015	1225	1820	
125		2765	2485	2240	4340	1050	1330	1470	2135	
150		3500	3150	2835	5495	1225	1435	1750	2555	
200		4690	4200	3780	7315	1610	1855	2275	3360	

* ΣF и ΣM - векторные суммы усилий и моментов.

Если нагрузка не всегда достигает максимально допустимого значения, одна из следующих величин может превышать предел нормы. Для получения дополнительной информации обращайтесь в Grundfos.

Приложение 2.

Уровень звукового давления

Данные для насоса с электродвигателем.

Электродвигатель [кВт]	Трёхфазные электродвигатели		
	Двухполюсные n = 2900 min ⁻¹	Четырёхполюсные n = 1450 min ⁻¹	Шестиполюсные n = 970 min ⁻¹
0.25	56	41	–
0.37	56	45	–
0.55	57	42	40
0.75	56	42	43
1.1	59	50	43
1.5	58	50	47
2.2	60	52	52
3	67	58	63
4	69	58	63
5.5	68	64	63
7.5	68	64	67
11	70	65	67
15	70	65	57
18.5	70	57	57
22	67	57	57
30	67	57	57
37	67	57	57
45	67	57	58
55	71	57	58
75	73	65	59
90	73	65	59
110	73	65	60
132	73	65	60
160	76	65	63
200	76	65	67
250	78	73	68
315	82	74	71
355	77	75	71
400	–	75	



RU

Насосы NK, NKE, NKG, NKGE сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).
Сертификат соответствия: № TC RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.
Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Насосы NKG сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности оборудования для работы во взрывоопасных средах» (ТР ТС 012/2011).
Сертификат соответствия: № TC RU C-DK.ГБ08.В.00347, срок действия до 20.05.2019 г.
Выдан органом по сертификации продукции взрывозащищенного оборудования Закрытое Акционерное Общество Технических Измерений, Безопасности и Разработок (ОС ВО ЗАО ТИБР), аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11ГБ08 срок действия с 15.06.2011 г. по 15.06.2016 г., выдан Федеральным Агентством по техническому регулированию и метрологии; адрес: 301760, Тульская обл., г. Донской, ул. Горноспасательная, д. 1, стр. А, Россия; тел./факс: (48746) 5-59-53.

Истра, 09 декабря 2014 г.



KZ

NK, NKE, NKG, NKGE сорғылары Кедендік одақтың «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Төменвольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.
Сәйкестік сертификаты: № TC RU C-DK.АИ30.В.01172, қолдану мерзімі 08.12.2019 ж. дейін.
«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

NKG сорғылары Кедендік одақтың «Жарылысқа қауіпті орталардағы жұмысқа арналған жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 012/2011) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне сартификацияланған.
Сәйкестік сертификаты: № TC RU C-DK.ГБ08.В.00347, қолдану мерзімі 20.05.2019 ж. дейін.
Техникалық өлшемдер, Қауіпсіздік және Өзірлемелер Жабық Акционерлік Қоғамының жарылысқа қорғалған өнімін сертификаттау бойынша (ТӨҚӘ ЖАҚ ЖҚ СО) берілді, аккредитация аттестаты № РОСС RU.0001.11ГБ08; жарамдылық мерзімі 15.06.2011 жылдан 15.06.2016 жылға дейін.
Техникалық реттеу және метрология бойынша Федералды агенттігімен берілді; мекен-жайы: 301760, Тула обл., Донской қ., Горноспасательный көш., 1-үй. А беті, Ресей; тел/факс: (48746) 5-59-53

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10
этаж, офис XXV. Бизнес-центр
«Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail: grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

96761294 0715
ECM: 1163830